

«№17 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ-сі

Тәрбие ісі бойынша 2022-23 оқу жылына есеп.

«№17 жалпы орта білім беретін мектепте 2022-2023 оқу жылына сегіз бағыт бойынша жоспар құрылып мектеп басшысымен бекітілді. Тәрбие жұмысын жасақтауды «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 заңы, ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып жұмыс жоспары құрылды. Жұмыс талапқа сай 8 бағыт бойынша ұйымдастырылды. Тәрбие жұмысының тақырыбы: «Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие» деп аталады Негізгі басым бағыттарға мектеп оқушыларының өмір қауіпсіздігі, балалар мен жасөспірімдердің деструктивті діни ағымдардан сақтандыру, кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, өзін-өзі басқару мен парламент ұйымдарының жұмыстары, жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.

2022 - 2023 оқу жылындағы сынып жетекшілерінің саны – 15 болды. Мектептің оқыту тілі – қазақ тілі. Директор жанындағы кеңестерде оқушылардың күнделіктерінің жүргізілуі, мектепішілік іс-шаралардың өту деңгейі қаралды. "Мектепке жол" акциясының орындалуы, ыстық тамақтың ұйымдастырылуы, "Қамқорлық" акциясының ұйымдастырылуы жылда қаралады. Мектебімізде «Туған елге тағзым», «Тарих тағылымы» «Оқуға құштар мектеп», «Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы, «Ұшқыр ой алаңы» дебат қозғалысы, «Тәртіпті мектеп» жобалары іске асты. Сонымен қатар, «Әкелер», «Аналар», «Әжелер», «Адал ұрпақ» еріктілер клубтарының жұмыс жоспары жасақталып, жұмыс жүйелі түрде жүргізілді. Сонымен қатар, «Қамқоршылық кеңес» жоспары жасақталып, кеңес мүшелері тағайындалды. Жоспар бойынша отырыстар уақытылы өтіп, хаттамалар толтырылды.

Қазақстан Республикасының рәміздерін насихаттау және пайдалану, Мектеп медиация қызметінің жұмысы, Қорқыту/кибербуллингтің алдын алу жұмыстары, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс, Құқықбұзушылық пен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша мектеп кеңесінің отырысы, Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу, Балалардың жол-көлік жарақатының алдын-алу бойынша жұмыс, діни экстримизмнің алдын алу бойынша жұмыс жоспары, Кәсіптік бағдар беру жұмысына жеке жоспарлары құрылып, жасақталды.

Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің жұмысы жүйелі түрде құрылды. Сынып жетекшілер әдістеме бірлестігінің жетекшісі 2022-2023 оқу жылында Тұрғанова Ә.М мектеп директорының бұйрығымен бекітілді. Сынып жетекшілерінің бірлестігінде кезекті және кезектен тыс отырыстар жоспарлы түрде өткізіліп, хаттамаға тіркеледі. Мектепте сынып жетекшілердің отырысы директордың ТІЖ орынбасары басшылығымен жүргізіледі. 2022 – 2023 оқу жылында 4 отырыс өткізілді. Отырыстарда 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын жүзеге асыру туралы, озат педагогикалық тәжірибені анықтап, тарату жұмыстары, сынып жетекшісі жұмысының маңызын арттыру, 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің орындалуы, мұғалім этикасы, эстетикалық тәрбие, мектептегі үйірме жұмыстарының сапасы мәселелері қаралды. Тәрбие жұмысының жоспары және оның орындалуы, оқушылардың демалыс күндерін ұйымдастыру, өзара сынып жетекшілердің тәжірибе алмасуы, Президентіміздің кезекті жолдауын талқылау, күнделік тексеру, бірыңғай сынып сағаттармен таныстыру туралы мәселелер қаралды. Сынып жетекшілер бірлестігі сынып жетекшілеріне әдістемелік көмек көрсетеді. Сынып жетекшілердің портфолиоары талапқа сай жасақталған, оның ішінде тәрбие жұмысының жоспарлары, сынып сағаттарына талдау, қиын оқушылармен жұмыс, сынып туралы жалпы мәліметтер, сыныптың әлеуметтік паспорты, ата-аналармен жұмыс, хаттамалары, тәрбие деңгейінің мониторингісі бар. 2022-2023 оқу жылы бойынша сынып сағаттары жоспарға сай өткізілді және мектептің сабақ кестесіне қойылды.

Азаматтық патриотизмді қалыптастыру

1 қыркүйек –Білім күні 1-11 сыныптарда «Білімге ұмтылу,,еңбексүйгіштік және отансүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өтті. Сонымен қатар сынып жетекшілер өз сыныптарын мектептің ішкі тәртіп ережесімен және қауіпсіздік ережелерімен таныстырды .«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйым мүшелері жасақталып, өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы жандандырылды.Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласы аясында жыл бойына бөлек жоспар құрылып, бекітілді. Жыл бойы жұмыстар жүйелі атқарылып, оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүрді.

Мектеп психологтары қыркүйек айында мектеп ұжымына жанадан қосылған оқушылармен әңгіме жүргізді. 5 сыныптарға «Жақсылық жолымен» атты тренинг өтті. Қазан айында 1,5,10 сыныптарға «Орта буын оқушысы» атты жеке кеңестер берілді.

Жоспарға сәйкес 27 қазан күні «Әрбір бала үшін», «Баланың мектепке оралуы кезінде психологиялық денсаулықты қолдау» атты қашықтықтан ата-аналарға кеңес берілді. 28 қазанда ерекше білім беру қажеттіліктері бар

балаларға «Мейірімділік» акциясы ұйымдастырылды. «Біз біргеміз» атты бірыңғай сынып сағаттары өтті. 1-4 сыныптарға «Біз бақытты баламыз» атты суреттер көрмесі өткізілді. Ең үздік туындылар әлеуметтік желіде жарияланып, мақтау қағаздарымен марапатталды.

Қараша айында мектеп психологтары 1 сыныптарға «Сәтті бейімделу» атты тренинг өткізді. Желтоқсан айында 0-11 сыныптарға өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау мақсатында диагностика өткізілді. Қаңтар айында «Біздің қарым-қатынасымыз» атты 9-11 сыныптарға тренинг ұйымдастырылды. Ақпан айында 6-7 сынып оқушыларының ата-аналарына «Өз балаңа үлгі бол» атты ата-аналар жиналысы өтті.

9-11 сыныптарға «Қобалжудың пайда болу себептері» атты баяндама оқылды.мақсаты емтихан алдындағы қобалжудың алдын алу.

11 сынып ата-аналарына ата-аналар жиналыстарында психологиялық көмек көрсетілді және кеңестер берілді.

«Жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің міндеттері мен жол жүру ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі», «Абайлаңыз балалар!», «Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақтаныш», «Менің құқықтарым-менің міндеттерім », «Менің тәуелсіз Қазақстаным» «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі», «Ауғанстан-біздің жадымыз бен қасіретіміз» атты сынып сағаттары өтілді.

Қыркүйек және қазан айларында рәміздерді насихаттау мақсатында сынып сағаттары,ақпараттық сағаттар мен ақпараттық әңгімелер өткізілді.

Мектеп кітапханашысы Достанова Л. «100 кітап» жобасы бойынша кітаптар тізімін құрып,оқушылармен тығыз жұмыстанды.

2022 жылдың қазан айында ,оқушылардың құқықтық білімін тексеру мақсатында 5-10 сыныптарға тестік тапсырмалар берілді. Тестік тапсырмалар бала құқықтарының конвенциясына арналған болатын.Тестік жұмыстарының анықтамалары жазылып әр сынып жетекшіге ескертілді.

Өз мүдделерін қорғай алатын ,өзіндік ұсыныс-пікірлері мен көзқарастарын ашық айтатын азамат тәрбиелеу барысында 5-11 сынып оқушыларына тақырыптық дәрістер оқылды және аудандық ішкі істер қызметкерлерімен кездесулер өткізілді.Кездесу барысында құқықтық жауапкершілік туралы біраз мәлімет берілді

Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы-адам құқығы » атты онкүндіктің жоспары жасалып жұмыстар атқарылды. «Сыбайлас жемқорлық баланың көзімен » сурет салу сайысы өткізілді.

Мектебімізде құқықбұзушылықты алдын алу кеңесінің жұмысы жыл сайын жоспарланады. Құқықбұзушылық кеңесі айына бір рет өткізіледі. «Құқықтық сана-қауымға пана»атты құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында сауалнамалар жүргізіліп отырады. Әрбір кеңесте хаттамалар жазылып, мектеп директорымен бекітілген. Мектебіміз бойынша 2022-2023 оқу жылы бойынша ІІБ тіркеуде тұрған оқушылар және МІБ тіркеуде тұрған оқушылар жоқ.

Мектепте құқықбұзушылық кеңесінің ұйымдастыруымен:

«№17 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ-сі

Тәрбие ісі бойынша 2022-23 оқу жылына есеп.

«№17 жалпы орта білім беретін мектепте 2022-2023 оқу жылына сегіз бағыт бойынша жоспар құрылып мектеп басшысымен бекітілді. Тәрбие жұмысын жасақтауды «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 заңы, ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып жұмыс жоспары құрылды. Жұмыс талапқа сай 8 бағыт бойынша ұйымдастырылды. Тәрбие жұмысының тақырыбы: «Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие»деп аталады Негізгі басым бағыттарға мектеп оқушыларының өмір қауіпсіздігі, балалар мен жасөспірімдердің деструктивті діни ағымдардан сақтандыру, кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, өзін-өзі басқару мен парламент ұйымдарының жұмыстары, жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.

2022 - 2023 оқу жылындағы сынып жетекшілерінің саны – 15 болды. Мектептің оқыту тілі – қазақ тілі. Директор жанындағы кеңестерде оқушылардың күнделіктерінің жүргізілуі, мектепішілік іс-шаралардың өту деңгейі қаралды. "Мектепке жол" акциясының орындалуы, ыстық тамақтың ұйымдастырылуы, "Қамқорлық" акциясының ұйымдастырылуы жылда қаралады. Мектебімізде «Туған елге тағзым», «Тарих тағылымы» «Оқуға құштар мектеп»,«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы, «Ұшқыр ой алаңы» дебат қозғалысы , «Тәртіпті мектеп» жобалары іске асты. Сонымен қатар, «Әкелер», «Аналар», «Әжелер», «Адал ұрпақ» еріктілер клубтарының жұмыс жоспары жасақталып, жұмыс жүйелі түрде жүргізілді. Сонымен қатар, «Қамқоршылық кеңес» жоспары жасақталып, кеңес мүшелері тағайындалды. Жоспар бойынша отырыстар уақытылы өтіп, хаттамалар толтырылды.

Қазақстан Республикасының рәміздерін насихаттау және пайдалану, Мектеп медиация қызметінің жұмысы, Қорқыту/кибербуллингтің алдын алу жұмыстары, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс, Құқықбұзушылық пен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша мектеп кеңесінің отырысы, Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу, Балалардың жол-көлік жарақатының алдын-алу бойынша жұмыс, діни экстримизмнің алдын алу бойынша жұмыс жоспары, Кәсіптік бағдар беру жұмысына жеке жоспарлары құрылып, жасақталды.

Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің жұмысы жүйелі түрде құрылды. Сынып жетекшілер әдістеме бірлестігінің жетекшісі 2022-2023 оқу жылында Тұрғанова Ә.М мектеп директорының бұйрығымен бекітілді. Сынып жетекшілерінің бірлестігінде кезекті және кезектен тыс отырыстар жоспарлы түрде өткізіліп, хаттамаға тіркеледі. Мектепте сынып жетекшілердің отырысы директордың ТІЖ орынбасары басшылығымен жүргізіледі. 2022 – 2023 оқу жылында 4 отырыс өткізілді. Отырыстарда 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын жүзеге асыру туралы, озат педагогикалық тәжірибені анықтап, тарату жұмыстары, сынып жетекшісі жұмысының маңызын арттыру, 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің орындалуы, мұғалім этикасы, эстетикалық тәрбие, мектептегі үйірме жұмыстарының сапасы мәселелері қаралды. Тәрбие жұмысының жоспары және оның орындалуы, оқушылардың демалыс күндерін ұйымдастыру, өзара сынып жетекшілердің тәжірибе алмасуы, Президентіміздің кезекті жолдауын талқылау, күнделік тексеру, бірыңғай сынып сағаттармен таныстыру туралы мәселелер қаралды. Сынып жетекшілер бірлестігі сынып жетекшілеріне әдістемелік көмек көрсетеді. Сынып жетекшілердің портфолиоары талапқа сай жасақталған, оның ішінде тәрбие жұмысының жоспарлары, сынып сағаттарына талдау, қиын оқушылармен жұмыс, сынып туралы жалпы мәліметтер, сыныптың әлеуметтік паспорты, ата-аналармен жұмыс, хаттамалары, тәрбие деңгейінің мониторингісі бар. 2022-2023 оқу жылы бойынша сынып сағаттары жоспарға сай өткізілді және мектептің сабақ кестесіне қойылды.

Азаматтық патриотизмді қалыптастыру

1 қыркүйек –Білім күні 1-11 сыныптарда «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отансүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өтті. Сонымен қатар сынып жетекшілер өз сыныптарын мектептің ішкі тәртіп ережесімен және қауіпсіздік ережелерімен таныстырды. «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйым мүшелері жасақталып, өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы жандандырылды. Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласы аясында жыл бойына бөлек жоспар құрылып, бекітілді. Жыл бойы жұмыстар жүйелі атқарылып, оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүрді.

Мектеп психологтары қыркүйек айында мектеп ұжымына жанадан қосылған оқушылармен әңгіме жүргізді. 5 сыныптарға «Жақсылық жолымен» атты тренинг өтті. Қазан айында 1,5,10 сыныптарға «Орта буын оқушысы» атты жеке кеңестер берілді.

Жоспарға сәйкес 27 қазан күні «Әрбір бала үшін», «Баланың мектепке оралуы кезінде психологиялық денсаулықты қолдау» атты қашықтықтан ата-аналарға кеңес берілді. 28 қазанда ерекше білім беру қажеттіліктері бар

балаларға «Мейірімділік» акциясы ұйымдастырылды. «Біз біргеміз» атты бірыңғай сынып сағаттары өтті. 1-4 сыныптарға «Біз бақытты баламыз» атты суреттер көрмесі өткізілді. Ең үздік туындылар әлеуметтік желіде жарияланып, мақтау қағаздарымен марапатталды.

Қараша айында мектеп психологтары 1 сыныптарға «Сәтті бейімделу» атты тренинг өткізді.. Желтоқсан айында 0-11 сыныптарға өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау мақсатында диагностика өткізілді. Қаңтар айында «Біздің қарым-қатынасымыз» атты 9-11 сыныптарға тренинг ұйымдастырылды. Ақпан айында 6-7 сынып оқушыларының ата-аналарына «Өз балаңа үлгі бол» атты ата-аналар жиналысы өтті.

9-11 сыныптарға «Қобалжудың пайда болу себептері» атты баяндама оқылды.мақсаты емтихан алдындағы қобалжудың алдын алу.

11 сынып ата-аналарына ата-аналар жиналыстарында психологиялық көмек көрсетілді және кеңестер берілді.

«Жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің міндеттері мен жол жүру ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі», «Абайлаңыз балалар!», «Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақтаныш», «Менің құқықтарым-менің міндеттерім », «Менің тәуелсіз Қазақстаным» «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі», «Ауғанстан-біздің жадымыз бен қасіретіміз» атты сынып сағаттары өтілді.

Қыркүйек және қазан айларында рәміздерді насихаттау мақсатында сынып сағаттары,ақпараттық сағаттар мен ақпараттық әңгімелер өткізілді.

Мектеп кітапханашысы Достанова Л. «100 кітап» жобасы бойынша кітаптар тізімін құрып,оқушылармен тығыз жұмыстанды.

2022 жылдың қазан айында ,оқушылардың құқықтық білімін тексеру мақсатында 5-10 сыныптарға тестік тапсырмалар берілді. Тестік тапсырмалар бала құқықтарының конвенциясына арналған болатын.Тестік жұмыстарының анықтамалары жазылып әр сынып жетекшіге ескертілді.

Өз мүдделерін қорғай алатын ,өзіндік ұсыныс-пікірлері мен көзқарастарын ашық айтатын азамат тәрбиелеу барысында 5-11 сынып оқушыларына тақырыптық дәрістер оқылды және аудандық ішкі істер қызметкерлерімен кездесулер өткізілді.Кездесу барысында құқықтық жауапкершілік туралы біраз мәлімет берілді

Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы-адам құқығы » атты онкүндіктің жоспары жасалып жұмыстар атқарылды. «Сыбайлас жемқорлық баланың көзімен » сурет салу сайысы өткізілді.

Мектебімізде құқықбұзушылықты алдын алу кеңесінің жұмысы жыл сайын жоспарланады. Құқықбұзушылық кеңесі айына бір рет өткізіледі. «Құқықтық сана-қауымға пана»атты құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында сауалнамалар жүргізіліп отырады. Әрбір кеңесте хаттамалар жазылып, мектеп директорымен бекітілген. Мектебіміз бойынша 2022-2023 оқу жылы бойынша ІІБ тіркеуде тұрған оқушылар және МІБ тіркеуде тұрған оқушылар жоқ.

Мектепте құқықбұзушылық кеңесінің ұйымдастыруымен:

1. Оқуда, тәртібінде немесе демалуында ауытқушылығы бар оқушыларға әлеуметтік және педагогикалық көмек көрсетіледі;

2. Әлеуметтік қиын жағдайға тап болған, сабақты себепсіз қалдыратын оқушылардың негізі жалпы білім беруді алу мен тәрбилеуде шаралар қабылданады;

3. Оқушыларды оқыту мен тәрбилеуде отбасыларына көмек көрсетіледі;

4. Спорттық секциялар, үйірмелер, клубтарына «қауіпті топ» оқушыларының қатысуы ұйымдастырылады;

5. Оқушылардың заңды сыйлау тәртіптерін қалыптастыруға бағытталған әдістемелер мен бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша шаралар алынуда.

«Жас полиция» тобының жұмыс жоспары, «Қауіпсіз мектеп автобусы» акциясының жұмыс жоспары құрылып, директормен бекітілді. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жылдық жұмыс жоспары құрылып, жұмыстар жүйелі жүргізілді. Мектебімізде құқықбұзушылықты алдын алу кеңесінің жұмысы жыл сайын жоспарланады. Құқықбұзушылық кеңесі айына бір рет өткізіледі. Әрбір кеңесте хаттамалар жазылып, мектеп директорымен бекітілген. Мектебіміз бойынша 2022-2023 оқу жылы бойынша ІІБ тіркеуде тұрған оқушылар және МІБ тіркеуде тұрған оқушылар жоқ. Мектеп оқушыларымен құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша Жылыой ауданының ішкі істер бөлімі жергілікті ЖПҚ КТЖ УПИИ полиция майоры: Р.Е.Мурзабековпен бірлесе жүйелі және тиімді жұмыс атқарылуда.

Құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі мәселелер педагогикалық кеңестерде, семинарлар мен әдістемелік бірлестік отырыстарында қаралды. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бағытында жұмыс жоспары құрылып, ақпараттық тақта дәлізге орнатылды. Құқық бұзушылықтың алдын алу үшін бағытталған жұмыстар атқарылып келеді. Сынып сағаттары, диспуттар, профилактика кеңестері, пікір сайыс клубтары, құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесулер өткізілді. Мектеп бойынша 15 сынып жетекшілер жұмыс атқаруда.

Сынып жетекшілер және мектеп әкімшілігінен құрылған арнайы топ мүшелері ай сайын рейдтер және жайсыз отбасылардың тұрмыс жағдайларын анықтау жұмыстарын жүргізді. Жыл бойы өткізілген «Түн», «Көше», «Жасөспірім» «Сабақ», «Мектеп» профилактикалық іс-шаралар аясындағы рейдтерге ата-аналар да атсалысып, балалар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары ұйымдастырылды. Жасөспірімдер мен отбасы саласынан жасалған қылмыс, құқық бұзушылық анықталған жоқ. Жылдық жоспарға сәйкес бейнефильмдер 1-11 сынып оқушыларына көрсетіліп, 8-11 сынып оқушылары арасында дебат жетекшісі Ибрахимұлы А. ұйымдастыруымен пікірталас ойындары өтілді.

Соңғы кездері деструктивті діни ағымдар кең таралуда, діни сауатсыздықтан кереғар дүние жасап жатқандардың ішінде жасөспірімдер де жиі кездеседі. Мектебімізде діни экстримизм мен терроризмнің алдын алу іс-шараларының жоспары жасақталып, мектеп басшысымен бекітілген. Осы орайда мектеп оқушылары арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, кереғар

діни ағымдардың зияндылығын түсіндіру, Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңын түсіндіру мақсатында мектепте арнайы ақпараттық - түсіндіру тобы құрылды. Аталмыш топ мектепшілік жоспарға сәйкес ақпараттық - түсіндіру іс-шараларын жүргізуге ат салысуда.

Ағартушылық жұмыс бағыты бойынша оқушыларға «Сенім» жәшігі, «Сенім» телефоны жұмыстары туралы таныстырылды. 2022-2023 оқу жылының қыркүйек айында отбасында теріс діни көзқарасы бар, намаз оқитын және хиджаб киетін оқушыларды анықтау мақсатында мәлімет жиналған жоқ.

«Дін – ислам діндегі» тақырыбында оқушылардың діни сауаттылықтарын жетілдіріп, адамгершілікке, имандылыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу мақсатында кітап көрмесі ұйымдастырылып, шолу жасалды. Кітап көрмесін мектеп кітапханашысы Л.Достанованың ұйымдастыруымен өтті. Діннің адамзат тарихынды алатын орыны ерекше, сонымен бірге дінге деген көзқарастар да әр дәуірде, әр қоғамда әрқилы болып келген. Егемен ел атанған Қазақстан мемлекетінің азаматтары үшін бұл қажеттіліктің өзіндік еркшеліктері де жоқ емес. Кітап көрмесінде С.Сейтбековтің «Иман негіздері», «Ислам ынтымақ пен бірлік жолында», А. Әділбаевтің «Саңлақ сахабалар», Ә. Сәдуақасұлы «Дін тәрбие діндегі» және тағы басқа кітаптар мен мерзімді басылымдар беттерінде жарияланған мақалалар оқырман назарына ұсынылған.

Қыркүйек айында өткен мектепшілік ата-аналар жиналысында да ата-аналарға өз балаларын жіті қадағалауды және ата-аналарға да экстремизмнің қаупі туралы айтылды, заңдармен таныстырылды.

Қазан айында тарих пәні мұғалімі О.Жауымбаева мен А.Ибрахимұлының ұйымдастыруымен «Терроризм деген не?Өзінді қалай ұстауға болады» тақырыбында 7-11 сыныптарымен ақпарат беру сабағы өтті.

Сабақтың барысында терроризм туралы ақпарат беріліп, бейнефильмдер көрсетіліп, мағынасы ашып айтылды.Сабақ барысында оқушылардың терроризм туралы, одан қалай қорғану керек, қандай телефон номерлеріне хабарласу керек екендігі туралы ақпаратты біле отырып, оқушылар өз ойын ортаға салды.

Төтенше жағдайлар кезінде ұйым қызметкерлерінің қандай іс-әрекет жасау керек екендігі айтып таныстырылып,жадынамалар берілді.

Төтенше жағдайлар кезінде және терроризм шаралары кезінде ұйым қызметкерлерінің іс-әрекеті және хабарласу керек телефон номерлері туралы ақпарат беріліп,кеңестер оқылды.

Мектеп тәлімгері М.Шиланбаеваның ұйымдастыруымен «Діни экстремизм-бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» атты дөңгелек үстел өтілді. Сонымен қатар ауыл имамы мен және ауыл ақсақалдарымен де кездесу шаралары өткізілді. Қазіргі кезде қоғамымызды , адам санасын улап жатқан діни ағымдардың саны уақыт өткен сайын көбейіп барады. Олардың қаншама

біз білмейтін түрлері бар. Сонымен қатар оның адам санасына, өміріне деген қаншалықта зиян келтіріп жатқанын көптеп естіп жүрміз. Міне осы діни ағымдар туралы оқушыларға мәлімет бере отырып, біздің мұсылман дінімізде оларды қолданудың, қабылдаудың зияны мен күнәсі көрсетілген. Осы адастырушы діни ағымдар туралы оқушыларға мәлімет бере отырып және олардан аулақ болуын айтып өтті.

Оқушылардың діни көзқарастарын анықтау мақсатында 7-8 сынып оқушыларына мектеп психологтары сауалнамалар жүргізген болатын

1. Сіздің діни көзқарасыңыз қандай?

- А) Ислам-65%
- Б) Христиан - 0%
- В) Атеист - 0%

2. Сіздің дінге көзқарасыңыз қандай?

- А) жағымсыз -5 % Б) Жағымды- 95%

3. Сіз, діни ағымдардың сыртқы көріністеріне қалай қарайсыз? (хиджаб киюге, денедегі крестке, қоғамдық орындардағы намаз бөлмелеріне және т.б.)

- А) жағымсыз-90% Б) Жағымды –10%

4. Сіз діни кітаптар оқисыз ба?

- А) жоқ-75% Б) кей кезде-25%

5. Діни көзқарас Сіздің өміріңіздегі басты құндылықтарға жатады ма?

- А) Ия- 30% Б) жоқ- 50% В) Білмеймін - 20%

Ұсыныс: Сынып жетекші тәрбие сағаттарында, сыныпшілік іс-шараларда тақырыпқа байланысты түсінік жұмыстарын, тәрбие сағаттарын өткізу. Сұрақтарға байланысты жалпы сұрақтар қойып, жалпы оқушы ойын талқылау, анықтау.

1-11 сынып оқушыларына «Дін тәрбиенің рухани дінгегі» атты сынып сағаттары өткізілді.

Сонымен қатар ағымдағы жылдың наурыз айында ата-аналар жиналыстарында «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы өмір қауіпсіздік ережелері туралы ақпарат» атты дәрістер оқылды. Дәрістің басты мақсаты тек оқушыларға ғана ақпарат бермей ата-аналарға да мәліметтер жеткізу.

Сәуір айында тарих пәні маманы О.Жауымбаеваның ұйымдастыруымен «Мен терроризмге қарсымын» тақырыбында эссе байқауы болды. Бұл байқауда 7 сынып оқушысы Жұпқали Анель 1 орын, Жаңбырбайұлы Мұхамбет 2 орын, Сәндібекқызы Кәусар 3 орын иегері атанды.

Жазғы демалыс кезіндегі оқушылардың қауіпсіздігі басты назарда болып мектепішілік атан-аналар жиналыстарында және сынып жиналыстарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Рухани –адамгершілік тәрбие

Мектебімізде 1 тамыз - 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» акциясының аясында «Қамқорлық», «Адамдарға қуаныш сыйла!» ұранымен қайырымдылық іс-шаралар жұмыс жоспары құрылып, өткізіледі. Акцияның мақсаты: аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу. Былтырғы оқу жылында акция аясында жалпы 45 оқушыға 1 млн 890 мың тг көлемінде қаржылай және материалдық көмек көрсетілді. Сонымен қатар, «Адамгершілік- жыныстық тәрбиесі жөніндегі іс-шаралар жоспары құрылды. Жоспар толығымен орындалып, анықтамалары жинақталды. «Ахмет Байтұрсынұлына -150 жыл» онкүндіктің жоспары жасалып, сайттарға салынып отырды.

Ұстаздар күніне арналған «Ұрпаққа үлгі-жарқын жол» атты ұстаздар күніне арналған апталық оздырылды.

03.10-07.10.2022 аралығында «Адамзаттың ұлы ұстаздары» атты ардагер, зейнеткер ұстаздармен кездесулер өткізіліп, 1-11 сыныптарда «Ұстаз-ұлы есім», «Ұстаз- аты биік, әрі мәңгілік» атты сынып сағаттары өткізілді.

24-28.10.2022 аралығында «Адалдық-адамдық белгісі», 14-18.11.2022 «Менің құқықтарым-менің міндеттерім» тақырыптарында сынып сағаттары өтті.

Қазан-қараша айларында мектебіміздің ішкі жоспарына сәйкес оқушылардың бойына мейірімділік пен адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру барсында «Мейірбандық адамның барлық адамгершілігіне түрткі болатын негіз» тақырыбында еңбек ардагерлерімен және қариялармен кездесулер ұйымдастырылды.

Желтоқсан айында «Мұхтар Әуезовтың туғанына 125 жыл» тоуына орай мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері өз жоспарларына сәйкес

түрлі бағыттарда іс шаралар өткізді. Театр жұмысын жандандыру мақсатында 3-4 сыныптарға «ертегілер әлемінде» сахналық қойылымдар өтілді.

Ағымдағы жылдың қаңтар айында «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы аясында апта ішінде көруге фильмдер ұсынылып, ұлағатты сөздер айдары мен шаралар өтілді. Сонымен қатар «Ұлттық тәрбие-ұлт болашағы» атты қыздар ұйымы жетекшілері өз жоспарларына сай шаралар мен кездесулер өткізді. Жоспарға сәйкес дін қызметкерлерімен кездесулер өткізіліп отырады.

Еріктілер клубының ұйымдастыруымен «Жақсылық жасауға асығыңыз» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды және жалғызбасты адамдарға көмек көрсетілді. Сайттарға жарияланып отырды.

Наурыз айында «Ұлттық тәрбие-құндылық бастауы» тақырыбы аясында ұлттық салт-дәстүрлерге байланысты 1-11 сыныптар арасында іс-шаралар мен тәрбие сағаттары өткізілді. 1 наурыз – «Алғыс айту» күніне орай бірыңғай сынып сағаттары өтіп, қоңырау кезіндегі бос уақыт «Алғыс айту» челленджіне айналды.

8 наурыз-Халықаралық әйелдер күніне орай жоспар құрылып, сынып сағаттары өтілді және аналарға арнап «Жас Ұлан» ұйымы концерттік номерлер дайындады.

Ғылым мен космонавтика күніне орай «Ғарышқа сапар» атты сынып сағаттары өтті. Мақсаты алғаш ғарышқа ұшқан адам туралы кеңінен ақпарат беру.

1 мамыр халықтар бірлігі күні орай «Бірлігіміз жарасқан жастармыз» слеті ұйымдастырылды. Слет екі кезеңге бөлініп өткізілді. Әр сынып әр ұлттың киімін киіп және сол халықтың биін көрсетті. Слеттің мақсаты халықтар арасындағы достықты насихаттау болатын.

1 маусым күні мектеп бітіруші түлектер мен оқу жылын аяқтаған шәкірттер үшін соңғы қоңырау соғылды.

2023 жылдың 1 маусым – Халықаралық Балаларды қорғау күнінде №17 жалпы орта білім беретін мектебінде «Жолың болсын жас түлек» атты салтанатты жиын өткізілді. Мемлекеттік гимнмен басталған шарада мектеп директоры Андамасова Д.А мен Майкөмген ауылының әкімі Н.Сауытов құттықтау сөз сөйлеп, бітіруші түлектерге сәттілік пен ақ жол тіледі.

Салтанатты жиынға ата-аналар, бітіруші түлектер, оқушылар және ұстаздар қатысты.

Ұлттық тәрбие

Қыркүйек айында 5 қыркүйек – ҚР халықтарының Тілдері күні мерекесін ұйымдастыру мақсатында «Тіл-рухани жаңғырудың тірегі» атты жұмыс жоспары құрылып, қазақ тілі пәні бірлестігі апталық жұмысын жүргізді. «Ана тілім-тірлігімнің айғағы» сынып сағаты 1-11 сынып оқушыларына өтті.

Қазақтың ұлттық ойындарын насихаттау барысында «Асық ату» ойыны 1-5 сыныптар аралығында дене тәрбиесі мұғалімі Ж.Құлшығазиевтың ұйымдастыруымен өтілді.

«Салт-дәстүрім-асыл қазынам» атты ұлттық дәстүрді оқушылар арасында насихаттау мақсатында мектеп тәлімгері шаралар ұйымдастырды.

Ұлттық тағамдар туралы білімдерін кеңейту және олар туралы мағлұматтар алу мақсатында ұлттық тағамдар жәрмеңкесі ұйымдастырылып өз өнімдерін сатылымға шығарды.

Абай Құнанбаев шығармаларын оқушылар арасында паш ету мақсатында «Абай іздеген толық адам» ой толғаныс шарасы оздырылды.

«Мәңгілік Ел кепілі-лайықты ұрпақ тәрбиелеу», «Дін және қазіргі қоғам» тақырыптарында дөңгелек үстелдер ұйымдастырылған болатын.

22-наурыз «Армысың,Әз Наурыз!» атты апталық жұмыс жоспары құрылып, іс-шаралар уақытылы орындалды. «Наурыз-Ұлыстың Ұлы күні» ашық сынып сағаттары, қабырға газеттері,ұлттық ойындар шеруі,ұлттық тағадар жәрмеңкесі, қазақ халық ертегілерінен қойылымдар, «Артық болмас білгенің...» анасы мен қыздар сайысы және әдістемелік бірлестік жетекшілері арасында ең үздік наурыз көже байқауы ұйымдастырылды.

Сәуір айында «Инабат» қыздар ұйымы ұлттық тәрбиені насихаттау мақсатында «Жас өренге айтарым бар құлақ салса.. » тақырыбында дөңгелек ұйымдастырды. .

Мемлекеттік рәміздерді оқушылар арасында кеңінен насихаттау мақсатында рәміздер тарихымен таныстырылды.

Отбасылық тәрбие

Оқу жылының басында әлеуметтік педагогтың зерттеулері бойынша мектептің әлеуметтік портреті жасақталады. Өзара қарым-қатынас, отбасы тәрбиесі ерекшелігі, ондағы эмоционалдық атмосфера мен тұрмыс жағдайын анықтау мақсатындағы оқушылар үйлеріне рейдтер ұйымдастырылып, акт толтырылады. Сынып жетекшілердің әрқайсысында ата-аналармен байланыс дәптері жүргізілуде. Биылғы оқу жылында «Инабат» қыздар клубы, «Әкелер академиясы» әкелер жобасы, «Қамқоршылық кеңес» жұмысының мүшелерін бекіту туралы бұйрық шығып және арнайы жоспары құрылып, жұмыстануда. Мектепте ата-аналармен бірге жұмыс жүргізілу жолға қойылды. Ата-аналар комитеті мұғалімдермен бірлесіп жұмыс жасайды. Ата-аналар комитетінің жылдық жоспары жасалып, қоғамдық жұмыстар бөлініп, сынып жетекшілерімен бірге жұмыс жүргізуде. Сол сияқты мектепте ата-аналарға арналған лекторийлер ұйымдастырылған. Сыныптардағы ата-аналар жиналыстары мен жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысының хаттамалары тіркелген.

Қыркүйек айында отбасы күніне орай «Отан отбасынан басталады» апталығыны жоспары құрылып «Отбасым бақыт мекенім» атты сынып сағаттары, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бір отбасы-бір кітап», «Оқырмандар отбасы» байқауы, «Біз бақытты жанұя» отбасылық сайыстары ұйымдастырылды.

Қазан айында «Отбасылық салт-дәстүрлер» көрмесі , «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Үлкенді сыйлау парыз» бейнеролоиктер байқауы ұйымдастырылған болатын.

Қараша айында «Әкем, анам және мен» атты тренинг, «Отбасы-тәрбие басы, мектеп-тәрбие жаршысы» атты қыздарға кеңесті мектеп медбикесі Ш.Сейітова жүргізген болатын.

Желтоқсан айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханашысы Достанова Л. ұйымдастыруымен «Мен кітап оқығанды жақсы көремін» байқауы өткізілді. Оған мектебімізден 6 отбасы қатысып, өнерлерін сынға салды. Үздіктер марапатталды.

Қаңтар айында «Үлкенді сыйлау парыз» 5-7 сынып оқушылары арасында бейнероликтер шеруі өтті. Отбасындағы береке бірлікті көрсету, отбасы татулығын насихаттау үшін 2-4 сыныптарда «Отбасылық альбом» шығармашылық жұмыстарының көрмесі болды.

Ағымдағы жылдың ақпан айында шашқа қалай күтім көрсету және ұзын шашта аруды табу мақсатында «Шашбаулы ару» атты мастер класс көрсетілген болатын.

Наурыз айында «Сыйынар ем, ана деген тәңірге» отбасылық шығармашылық шеберханасы атты шара өтті. Оқушылар өз отбастарындағы айналысатын қолөнермен таныстырды.

15 мамыр Халықаралық Отбасы күні аясында іс-шара жасалынып, бекітіліп, жұмыс жүргізілді. 1-11 сыныптар арасында «Өз жанұяммен мақтанамын» атты тақырыбында сынып сағаттары өткізіліп әлеуметтік желіге жарияланды. Отбасылар арасында спорттық сайыстар өткізілді.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мемлекеттің экологиялық даму саласы бойынша саясатына, экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне, «адам-қоғам-табиғат» жүйесіне, табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы әр түрлі қызметке, экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын сақтау мақсатында 2022-2023 оқу жылында мектебімізде бірқатар іс-шаралар оздырылды.

Бастауыш сынып оқушыларына және ерекше білімді қажет ететін оқушыларға мектеп музейіне саяхаттар ұйымдастырылды.

Мектеп бітіруші түлектерге «Мен таңдаған мамандық» атты эссе байқауы ұйымдастырылды.

«Таза табиғат» және «Өзіңнен баста» экологиялық жобалар аясында мектеп ауласын абаттандыру және көгалдандыру мақсатында ағаштар отырғызылды, «Бірге таза Қазақстан» шеңберінде «Таза ауыл, таза қала» акциясы аясында мектеп ұжымы мектеп аумағын қоқыстардан тазартты.

«Үнем-қоғам қуаты» жобасы аясында үй жағдайында шығарылған қалдықтарды қайтадан өңдеу арқылы пайдаланудың әртүрлі әдістерімен танысу, туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, экологиялық білімді қалыптастыру, туған жер табиғатты қорғауға баулу, оқушыларға табиғаттың адам өміріндегі зор маңыздылығын насихаттай отырып, оны аялауға, сақтап қорғауға өз үлестерін қосуға жұмылдыру, мейірбандыққа

баулу, экологиялық білімдерін молайту мақсатында «Тұрмыстық қалдықтардың екінші өмірі» тақырыбында 5-10 сынып оқушыларының қолдан экобұйымдардың жәрменкесі ұйымдастырылды. Қазан айында жоспарға сәйкес «Табиғатты аялайық» атты 1-11 сыныптар арасында сурет байқауы өткізілді.

«Табиғат анаң, оны қорға балам» жас акындар байқауы ұйымдастырылып, мектеп дәліздеріне қойылды.

Мамандық таңдау барысында кәсіпорындарға саяхат жұмыстары жүргізіліп отырады және ауданымсыздағы колледжбен тығыз байланыста отырамыз. Ағымдағы жылдың ақпан айында 8-10 сынып арасында танылмаған таланттарды анықтау мақсатында көлемді шара өткізілді мектеп оқушылары қызығушылықпен қатысты.

Сәуір айында «Өңірдің экологиялық мәселелері және олардың шешу жолдары» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды. «Таза ауыл» акциясы негізінде мектеп жанына сенбіліктер ұйымдастырылған болатын. Сондай ақ «Халықаралық Жер ана күні» апталық құрылып іс-шаралар ұйымдастырылды.

Көпмәдениет және көркем-эстетикалық тәрбие

Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру мақсатында 1-11 сынып оқушыларына «Ереже-мектептің негізгі заңы» атты мінез-құлық ережелерімен таныстыру жұмыстары атқарылды. Мектеп тәлімгері М.Шиланбаеваның басқаруымен «Сәйгүлік» дебат клубы өз жұмысын жалғастырды және де көптеген дебаттық шаралар өтілді.

Заман талабына сай жас бишілердің мектепшілік фестивалі байқау ретінде ұйымдастырылды, жеңімпаз 4а сыныбы мақтау қағазымен марапатталды.

Желтоқсан айының 24-28 аралығында «Жаңа жылдық шырша» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, балаларға мерекелік көңіл-күй сыйланды.

Қазақ даласында тұрып жатырған өзге ұлт өкілдері арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту мақсатында «Қазақстан тұрақтылық пен татулық мекені» атты сынып сағаттары оздырылды.

Оқушылар арасында кітап оқуды насихаттау және кітапқа деген сүйіспеншілігін арыттыру үшін сәуір айында апталықтардың жоспары жасақталып шаралар ұйымдастырылды.

31 мамыр саяси-құғын сүргін құрбандарын еске алу мақсатында ескерткіштерге гүл шоқтары қойылды және сынып сағаттары, ақпараттық сағаттар өтті. Соған орай мектебіміздің тарих пәні мұғалімдері оқушылармен тарихи шаралар ұйымдастырды. Тарих пәнінің мұғалімдері аудандық мұражайда «Қасіретті жылдар жаңғырығы» тақырыбында 8 сынып оқушыларына тарихи шара өткізді. Шараның мақсаты: Жас ұрпаққа өткен

тарихтың көлеңкелі де саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қоғам қайраткерлері туралы айтып, 1937-1938 жылдардағы қызыл террордың саяси мәні туралы ақпараттар айтып, өскелең ұрпақтың отаншылдық сезімін арттыра отырып, қиындыққа төзе біліп, болашаққа деген сенімдерін жоғалтпауға тәрбиелеу. «Алжир», «Қуғын-сүргін» атты бейне роликтер көрсетілді. Кейіннен оқушыларға сұрақтар қойылып, кері байланыс жүргізілді.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбие

Әр баланың интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ету мақсатында іс-шаралар өткізілді. Қыркүйек айында Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына орай қазақ тілі пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен 1-11 сыныптар аралығында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітап сыйла акциясы оздырылды.

Қазан айында 1-8 сыныптарға жол қозғалысы ережелері бойынша ақпараттық сағаттар, «Жақсы көңіл күй формуласы» атты психологиялық тренинг ұйымдастырылды.

Қараша айында оқушылар арасында «Заманға сай адам. Ол кім?» тақырыбында пікірсайыс өткізілді.

Қараша айында орта буын оқушыларымен мақалдан жарыстар өткізілді. Желтоқсан айында «Интернет желісі және МЕН» интернет желісіндегі қауіпсіздік және жекелеген сайттармен қалай ұқыпты жұмыс жасау керек жөнінде ақпараттық сағаттар өтілді.

Мектеп кітапханашысы мен тәлімгердің ұйымдастыруымен «Жылдың дарабозы» атты зияткерлік ойындар өткізілді.

«Жақсы тәрбие өмірдің кілті» сынып сағатты өтті.

Жол қозғалыстар бойынша сынып сағаттары өтіліп отырды, осы тақырыптарға байланысты зияткерлік ойындар өтіліп отырды.

Жазғы уақыттағы қауіпсіздік басты назарда болып қауіпсіздік сағаттары және ақпараттық сағаттар өтілді.

СӨС мәдениетін тәрбиелеу

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын қалыптастыру мақсатында 26-30 қыркүйек аралығында денешынықтыру пәні мұғалімдері, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының ұйымдастырылуымен «Денсаулық фестивалі-2022» шарасы ұйымдастырылды. Шараға мектеп ұжымы, мектеп оқушылары және ата-аналар ат салыса

қатысты. Оқу жылының басында спорт секцияларының жұмысы жолға қойылып кестесі жасалды.

«Қатерлі топ» балаларын анықтау мақсатында мектеп психологтары мен әлеуметтік педагог диагностика жүргізді. Кеңес беру журналы ашылып, мектеп психологтары арнайы жоспармен жұмыстануда. Өмірдің қиын жағдайына тап болған оқушыларға кеңес беру мақсатында бөлек жоспар жасақталып, үнемі назарда болды. «Сенім поштасы» жұмыс істеуде.

Жыл бойына наркологиялық бекеттің жоспары жасақталып, жұмыстар жүйелі түрде атқарылып отырды.

Мектеп медбикесі Ш.Сейітованың ұйымдастыруымен 1-11 сынып оқушыларына «Зиянды заттардан сақтан!», «Туберкулез жұқпалы ауру» тақырыбында оқушылар арасында диктанттар мен челленджер жүргізілді.

Қараша айында 8-9 сыныптарға «Жат әрекеттен сақтан!» тақырыбында бейне байқау өтілді.

Үйірмелер жұмысын көрсету мақсатында «Үйірмелер сөйлейді» апталығы ұйымдастырылды. Дене тәрбиесі пәні бірлестігі өз жұмыстарын жоғары деңгейде көрсете білді.

1-11 сынып оқушыларына «Спорт менің досым» атты сынып сағаттары өтті. Желтоқсан айында 6-7 сынып оқушыларына «Денсаулыққа зиян келтіретін факторлар» мектеп психологі А.Жүнісова сауалнамалар өткізді..

Жыл мезгілдеріне байланысты қауіпсіздік ережелері оқушыларға түсіндірілді. Күзгі, қысқы, көктемгі, жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіз ережелерін түсіндіру мақсатында әңгіме сабақтары жыл ағымында жүргізіліп отырды.

Ағымдағы жылдың қаңтар айында темекі шегудің, нашақорлықтың, есірткіге тәуелділіктің алды-алу мақсатында әңгімелер жүргізіліп, бейнефильмдер көрсетілді.

Ақпан айында бастауыш және орта буын оқушыларына қысқы спорттық сайыстар және эстафеталық жарыстар ұйымдастырылды. Мектеп басшысының атынан мақтау қағаздарымен марапатталды.

Мектеп ұстаздары және әдіс бірлестіктері арасында спорттық сайыстар және ойындар ұйымдастырылып жеңіске жеткен командалар сыйлықтар мен дипломдармен марапатталды.

Наурыз айында ұлттық ойындарды кеңінен насихаттау үшін «Ұлттық ойын-халық мұрасы» ұлттық спорттық ойындар шеруі наурыз мерекелерінде жалғасын тапты. Соның ішінде арқан тартыс, асық ату ойындар молынан насихатталды.

Ағымдағы жылдың сәуір айында жастар арасында және 5-11 сынып оқушылары арасында жеңіл атлетикадан кросс өтілді. Жеңімпаздар дипломдармен марапатталды.

Қыркүйек айында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ермекбаева Інжу Көшербаевна киберқауіпсіздік туралы түсінік беру, интернетті дұрыс пайдалану жолдары туралы, зияны мен пайдасы туралы ақпарат беру және қауіпсіздікті сақтау мақсатында «Киберқауіпсіздік, кибергигиена, кибермәдениет дегеніміз не?» атты дәріс

оқыды. Дәріс барысында интернетті дұрыс пайдалану және кибершабуылдың түрлері және зиянды бағдарламалар туралы мәліметтер берілді.

Сынып жетекшілермен әдістемелік жұмыс

Сынып жетекшілер ӘБ жұмысын талдай келе, сынып жетекшілер жұмысы *«Сынып жетекшілердің тәрбие жүйесінде заманауи технологиялар мен әдістемелерді қолдану»* әдістемелік тақырыбын оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру, қазіргі қоғамға арналған қажеттіліктер мен құндылықтарды мойындау, оның болашақта жол ашатынын табысты әлеуметтенуіне жүзеге асыруға бағытталғанын атап өту қажет. Сынып жетекшілер ӘБ отырыстарында тәрбиелеуді дамытудың нақты проблемалары қарастырылған: мазмұнының сұрақтары, тәрбие үрдісінің технологиясы мен әдістемесінің мәселелері, әлеуметтік тәрбие беру мәселелері, психологиялық қызмет.

Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігі, бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы мүшелерінің жұмыстары арқылы тәрбие жұмысының нәтижесін көруге болады.

Сынып жетекшілер кеңесінің жұмысының бар болуы және тиімділігі туралы

Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің жұмысы жүйелі түрде құрылған.

Сынып жетекшілер әдістеме бірлестігінің жетекшісі 2022-2023 оқу жылында Тұрғанова А.М мектеп директорының бұйрығымен бекітілді.

Сынып жетекшілерінің бірлестігінде кезекті және кезектен тыс отырыстар жоспарлы түрде өткізіліп, хаттамаға тіркеледі. Мектепте сынып жетекшілердің отырысы директордың ТІЖ орынбасары басшылығымен жүргізіледі.

2022 – 2023 оқу жылында 3 отырыс өткізілді. Отырыстарда 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын жүзеге асыру туралы, озат педагогикалық тәжірибені анықтап, тарату жұмыстары, сынып жетекшісі жұмысының маңызын арттыру, мектеп жанындағы интернаттың тәрбие жұмысын ұйымдастыру, 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің орындалуы, мұғалім этикасы, эстетикалық тәрбие, мектептегі үйірме жұмыстарының сапасы мәселелері қаралды. Тәрбие жұмысының жоспары және оның орындалуы, оқушылардың демалыс күндерін ұйымдастыру, өзара сынып жетекшілердің тәжірибе алмасуы, Президентіміздің кезекті жолдауын талқылау, күнделік тексеру, бірыңғай сынып сағаттармен таныстыру туралы мәселелер қаралды. Сынып жетекшілер бірлестігі сынып жетекшілеріне әдістемелік көмек көрсетеді. Сынып жетекшілердің портфолиолары талапқа сай жасақталған, оның ішінде тәрбие жұмысының жоспарлары, сынып сағаттарына талдау, қиын оқушылармен жұмыс, сынып туралы жалпы

мәліметтер, сыныптың әлеуметтік паспорты, ата-аналармен жұмыс, хаттамалары, тәрбие деңгейінің мониторингісі бар. 2022-2023 оқу жылы бойынша сынып сағаттары жоспарға сай өткізілді.

Ата-аналармен жұмыс

Ата – аналармен жүргізілетін жұмыстың мақсаты мен міндеттері

1. Тәрбиеге кешенді көзқарасты жүзеге асыруды мектеп пен отбасының өзара толық түсінушілігі мен келісілген іс – қимылын қамтамасыз ету.
2. Отбасы мен мектепке ата – аналардың тәрбиелеу белсенділігін барынша дамыту.
3. Әрбір отбасында балаларды жан - жақты дамытып тәрбиелеу үшін жағдайлар жасауға жәрдемдесу.
4. Балаларды еңбекке тәрбиелеп, денесін шынықтыруда ата – аналардың белсенділігін күшейтуде үнемі жәрдемдесу.
5. Сынып ұжымы дәстүрлерінің одан әрі дамытып, белсенділігінің өсуіне жәрдемдесу.

Оқу жылының басында әлеуметтік педагогтың зерттеулері бойынша мектептің әлеуметтік портреті жасақталады. Өзара қарым-қатынас, отбасы тәрбиесі ерекшелігі, ондағы эмоционалдық атмосфера мен тұрмыс жағдайын анықтау мақсатындағы оқушылар үйлеріне рейдтер ұйымдастырылып, акт толтырылады. Сынып жетекшілердің әрқайсысында ата-аналармен байланыс дәптері жүргізілуде. Мектепте ата-аналармен бірге жұмыс жүргізілу жолға қойылды. Ата-аналар комитеті мұғалімдермен бірлесіп жұмыс жасады. Ата-аналар комитетінің жылдық жоспары жасалып, қоғамдық жұмыстар бөлініп, сынып жетекшілерімен бірге жұмыс жүргізуде. Жалпы мектепшілік ата-аналар жұмыс жоспары құрылып, 2022-2023 оқу жылы бойынша 3 отырыс өтті. Мектептің ішкі тәртіп ережелері, қауіпсіздік шаралары, өтетін шаралар туралы ақпараттар берілді. Сыныптардағы ата-аналар жиналыстары мен жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысының хаттамалары тіркелген.

Мектептің ата-аналар жұртшылығымен біріккен іс-әрекеті

№	Оқу жылы	Жалпы мектепшілік ата-аналар комитетінің отырыстары	Ата-аналармен өткізілген іс-шаралар	Жалпы мектепшілік жиналыстар саны	Ата-аналардың жиналыстарға қатысуы
1	2022-2023	3	16	4	80%

Бұл көрсеткіштер мектептің ата-аналар жұртшылығымен байланысының нығайғандығын дәлелдейді. Сынып және жалпы мектепшілік ата-аналар

жиналыстарының хаттамалары әрбір сынып жетекші мен тәрбие ісі бойынша директор орынбасарында сақталады (жинақ материалдары бар).

Мектептің тәрбие жұмысы әр баланың жеке тұлғалық ерекшелігі отбасында қалыптасатынын есепке алмай құрылмайды. Қазіргі уақытта бала тәрбиелеу қоғамнан алшақ емес үрдіс екені белгілі.

Сынып және мектеп деңгейінде балалар мен ата-аналарды біріккен іс-әрекетке тарту оқушылардың жеке тұлғалық жағынан өсуіне жақсы мүмкіндік береді. Мектеп оқушылары бар ынталарымен, сыныптың мектептің іс-шараларына қатысады, өздерін мектептің өзін-өзі басқару жұмысында көрсетіп келеді.

Тәрбие жұмысының нәтижелілігін және тиімділігі тәрбие жұмысын ұйымдастырудың мектепшілік бақылауы арқылы анықталады.

№17 жалпы орта білім беретін мектеп
Рухани жаңғыру бағыты

Аталған мектепте «Халқы сүйген қаламгер» атты жергілікті ақын жазушылар М.Сатыбалдиев, Қ.Қалдыоразұлы, Л.Сисекенұлы, Ө.Оралбаев сынды тұлғаларға арналған тәрбелік кеш ұйымдастырылды.

Мақсаты: Өскелең жасқа өткені мен бүгінін насихаттау, аға буынның ұрпаққа қалдырған мол өсиет өнегесін дәріптеу, отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін дәріптеу арқылы оқушыларды тәрбиелеу.







